

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Алғысым шексіз жақынға

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.03.2024СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/150695/

Жұман Арслан Меирбекұлы

Алғысым шексіз жақынға

Алғыс айту күні-бұл ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік өзара сенімділікпен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған мереке. Осы тұрғыда менде жаныма жақын адамдарға алғыс айтқым келеді. Ең алдымен мені осы өмірге алып келген, махаббат мейірімге бөлеген, осы күнге жеткізіп, аялап мәпелеп өсірген барлық еркелігімді көтерген ата-анаға деген алғысым шексіз. Ана әке деген ерекше ұғым ғой шіркің. Өз перзенті үшін күн түн демей аямай еңбек етіп, оқысын білім алып дамысын деп біз үшін еңбек етеді. Барлығы балаларым үшін деген бір сөзі бізге үлкен күш-қуат береді. Әрине екінші білім нәрімен сусындатып бар білгенің бізден аямайтын екінші анамдай болған сынып жетекшісі Помашева Бибігүл ұстазға айтар алғысым шексіз. Және №30 Көктөбе орта мектебінің ұлағатты ұстаздарына мың алғыс. Ұстаздардың жұмысын бағаламау мүмкін емес. Ұстазымыз болмаса біз мұндай жетістікке жетпес едік.

Жалпы Қазақ халқын Алғыс айту мерекесімен ҚҰТТЫҚТАЙМЫН

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.